



SEMEYtanu

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз
августа



ЖАҢАРУ ҮШІН ДАУЫС БЕР!

№66 (19818) 21 тамыз, 2026 жыл

1917 ЖЫЛДЫҢ 17 МАУСЫМЫНАН ЖАРЫҚ КӨРЕ БАСТАДЫ

АБАЙ ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ ■ СЕЙСЕНБІ, ЖҰМА КҮНДЕРІ ШЫҒАДЫ ■ EMAIL: INFO@SEMEYTANY.KZ

БҮГІНГІ НӨМІРДЕ:

Спорт

САЛА МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ



Жылыту маусымы

БІЗДІҢ ЖАҚТА ҚЫС ҰЗАҚ: ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?



"Қаладан-ауылға"

395 ОТБАСЫ ҚОНЫС АУДАРДЫ



Білім

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӨЗІРМІЗ БЕ?



Роботтехника

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАРЫСТАН ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



АБАЙ ӨҢІРІ: ЖОБАДАН-ӨМІРГЕ


СЕМЕЙДЕ 1500 ОРЫНДЫҚ ЖАҢА МЕКТЕП БОЙ КӨТЕРЕДІ

Семей қаласының Жаңа іскерлік орталығы ықшам ауданында 1500 оқушыға арналған жаңа мектеп салынады. Бұл «Абайға құрмет» акциясы аясында Астана қаласының Семейге сыйы. Жобаның аумағы – 13 000 шаршы метр. Іске асыру мерзімі – 2026–2028 жылдар. Жаңа білім ошағы заманауи талаптарға сай салынып, шаһардың жаңа шағынауданындағы білім беру инфрақұрылымын дамытуға мүмкіндік береді. 1500 орын – жаңа мектеп, жаңа орта, жаңа мүмкіндік. Жоба жүзеге асқан соң жаңа мектеп жүздеген оқушыға сапалы білім алуға қолайлы жағдай жасайтын заманауи білім ордасына айналмақ.



1500 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕП

Аумағы : 13 000
Іске асыру ш.м. ;
мерзімі : 2026-2028
Мекенжайы жаңа: Семей өкімшілік-қаласы іскерлік жж.
Орталығы ықшам ауданы



ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК

ӘСКЕРИ ҚАЛАШЫҚТЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ

Семей қаласында Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаментіне қарасты жаңа әскери қалашықтың іргетасын қалау рәсімі өтті. Салтанатты шараға Абай облысының әкімі Берік Уәли, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментінің бастығы Асхат Ахметов, сала ардагерлері мен құқық қорғау органдарының басшылары қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tau»

Семейде орналасқан Шекара қызметінің Абай облысы бойынша департаменті Ресей Федерациясы және Қытай Халық Республикасымен шектесетін, жалпы ұзындығы 597,8 шақырым мемлекеттік шекараның қауіпсіздігін тәулік бойы қамтамасыз етеді.

Департамент құрамында Мақаншы және Семей шекара басқармалары, 3 шекара бөлімі, 20 шекара бөлімшесі және 12 шекаралық бақылау бөлімшесі бар. Соңғы төрт жылда мемлекеттік шекараны инженерлік тұрғыдан жарақатандыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Шекара учаскелері заманауи дабыл кешендерімен, радиолокациялық құралдармен, оптикалық-электрондық бақылау және тепловизорлық жүйелермен жабдықталды.

Салтанатты рәсімде құттықтау сөз сөйлеген облыс әкімі Берік Уәли шекарашылардың ел қауіпсіздігін қамтамасыз етудегі жауапты қызметіне тоқталды.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев: «Отан қорғау ерекше, киелі парыз саналады. Әскери қызмет – азаматтықтың белгісі әрі қас-терлі конституциялық міндет», – деп атап өткен



болатын. Қазақтың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының «Ерлік – елдің қасиеті» деген қанатты сөзі бар. Шекара қызметі осы қасиетті ұғымның нақты көрінісі. Өйткені шекарашының қызметі күн сайын сергектікті, тәртіпті және елге деген шексіз адалдықты талап ететін жауапты міндет. Бүгін іргетасы қаланатын әскери қалашық осы міндетті сапалы атқаруға мүмкіндік береді. Оның салынуы – әскери қызметшілерге қолайлы жағдай жасаумен қатар, жауынгерлік әзірлікті арттырып, қызмет тиімділігін күшей-

туге бағытталған маңызды қадам, – деді Берік Уәли.

Жаңа әскери қалашықта жеке құрамның қызмет етуіне және тұрмысына қажетті барлық жағдай қарастырылған. Атап айтқанда, асханасы бар төрт қабатты әкімшілік-тұрмыстық кешен, ойын және тренажер залдары орналасқан спорт залы, футбол алаңы, 300 орындық клуб, снайпер мен жатақханалар, 40 автокөлікке арналған гараж-бокс, жанармай құю пункті, материалдық қорларды сақтауға арналған қоймалар, автономды қазандық және бақылау-өткізу пункті салынады.

Департамент құрылған төрт жыл ішінде жеке құрамның кәсіби дайындығы мен үйлесімді қызметінің нәтижесінде мемлекеттік шекараны бұзған 57-ден астам адам және көші-қон заңнамасын бұзған 767-ден астам азамат ұсталды. Сонымен қатар жалпы салмағы 7 килограммнан асатын есірткі заттарын мемлекеттік шекара арқылы заңсыз өткізу әрекеттерінің жолы кесілді.

Қызметтік-жауынгерлік міндеттерін абайсызмен атқарып жүрген бірқатар әскери қызметші мемлекеттік және ведомстволық наградалармен марапатталған. Олардың қатарында ҰҚК-нің «Ардагер» медалі және I, II, III дәрежелі «Мінсіз қызметі үшін» медальдары бар.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ

АУСТРАЛИЯ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ФИЛИАЛЫ АШЫЛДЫ

Облыс әкімі Берік Уәли Аустралияның жетекші зерттеу университеттерінің бірі Мёрдок университетінің делегациясымен кездесті.

Кездесуге Мёрдок университетінің жаһандық байланыстар жөніндегі проректорының орынбасары Саймон Джон МакКирди, тамақ өнеркәсібі дамыту перспективалары институтының проректоры Питер Мостин Дэвис, сондай-ақ, Мёрдок университетінің Дубай кампусының атқарушы директоры және стратегиялық серіктестік жөніндегі директоры Мохамед Абдулхалек Мохамед Ба, Шөкәрім университетінің ректоры Думан Орынбеков қатысты.

Мёрдок университеті – QS World University Rankings 2027 әлемдік рейтингінде 422-орында тұрған жетекші мемлекеттік зерттеу университеті. Университет ауыл шаруашылығы, ветеринариялық медицина, азық-түлік қауіпсіздігі және тағам технологиялары салаларында жоғары ғылыми әлеуетке ие.

Кездесу барысында білім және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу, академиялық ұтқырлықты арттыру, сондай-ақ, бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын іске асыру мәселелері талқыланды. Абай облысында Мёрдок университеті филиалын ашу мәселесіне ерекше назар аударылды. Бұл бастама өңірде халықаралық деңгейдегі мамандар даярлауға, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және озық технологияларды өндіріске енгізуге мүмкіндік береді.

Аймақ басшысы облыс әкімдігі филиалдың жеке ғимаратын салу үшін Smart City ауданынан жер телімін беру мүмкіндігін қарастыруға дайын екенін жеткізді.

Абай облысы – ежелден ауыл шаруашылығына, оның ішінде мал шаруашылығына бейім өңір. Сіздерге Абай облысымен әріптестік-достық байланысты дамытуға қызығушылық білдіргендеріңіз үшін алғыс айтамын. Білім мен ғылымды дамыту, озық технологияларды қолдануға енгізу, сол мақсатта халықаралық серіктестікті нығайту – біздің өңіріміз үшін негізгі бағыттардың бірі. Осы орайда әлемдік деңгейдегі ғылыми әлеуеті мен халықаралық тәжірибесі жоғары Мёрдок университетімен орнатылған әріптестікке ерекше мән береміз. Мёрдок университетімен серіктестік орнатуды білім, ғылым және өндірісті байланыстыратын стратегиялық маңызы бар мүмкіндік деп бағалаймыз. Осы мақсатта Шөкәрім университетінің базасында Мёрдок университетінің филиалын ашу бастамасын облыс әкімдігі толық қолдайды. Бұл халықаралық деңгейдегі мамандар даярлауға, бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және озық технологияларды өндіріске енгізуге кеңінен жол ашады. Кеңес үкіметі кезін-



де Семейде ірі ет комбинаты болған. Қазіргі таңда соны қайта жаңғыртып, Жаңасемей ауданында қуаттылығы жылына 11 400 тонна ет және ет өнімдерін терең өңдейтін ірі ет комбинатын салып жатырмыз. Құрылысы жуықта аяқталатын кәсіпорын австралиялық заманауи технологиямен жабдықталатын болады. Мұндай жобаларды табысты іске асыру үшін заманауи технологиямен қатар, білікті мамандар, сапалы ғылыми зерттеулер және халықаралық тәжірибеге негізделген білім қажет», – деді Берік Уәли.

Қонақтар Абай облысының ауыл шаруашылығы саласындағы әлеуетін жоғары бағалап, ынтымақтастық орнатуға бейілді екенін айтты.

Аустралия Қазақстаннан алыс орналасқанымен, екі елдің табиғи жағдайы, жері мен климаты ұқсас. Қазақстанда ұзақ мерзімді әрі нәтижелі серіктестік орнатуға мүдделіміз. Бүгін таңертең Шөкәрім университетіне барып, ғалымдармен кездескен кезде олардың зерттеу бағыттарының біздің жұмысымызбен толық сәйкес келетінін көрдік. Негізгі ғылыми бағыттармен таныстық, Қазақстанда, оның ішінде Семейде филиал ашуға ниеттіміз. Бізді қолдап, жылы қарсы алғандарыңыз үшін алғыс білдіреміз! – деді Мёрдок университетінің жаһандық байланыстар жөніндегі проректордың орынбасары Саймон Джон МакКирди.

Бүгінде Абай облысы Аустралиямен ынтымақтастықты нығайтуға ерекше назар аударып отыр. Қазақстанның 2026-2030 жылдарға арналған мал шаруашылығын дамыту жоспары аясында Аустралияның қой шаруашылығы, селекция, өнімді терең өңдеу және экспорттық өндіріс тәжірибесі өңір үшін маңызды. Осы мақсатта облыс әкімінің орынбасары Думан Оспанов бастаған делегация Аустралияның озық тәжірибесімен танысып қайтты.

Абай облысы әкімінің баспасөз қызметі



КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Облыс әкімі Берік Уәли Спорт күніне орай өңірдің спорт саласының қызметкерлерін, жаттықтырушылар мен спорт мекемелерінің жетекшілерін кәсіби мерекемен құттықтады. Салтанатты шара барысында спорт саласының дамуына үлес қосып жүрген бірқатар азамат мемлекеттік және ведомстволық марапаттарға ие болды.

САЛА МАМАНДАРЫ МАРАПАТТАЛДЫ

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semei tañu»

Аймақ басшысы құттықтау сөзінде спортты дамыту тек жоғары жетістіктерге жетумен шектелмейтінін атап өтті. Басты мақсат – дені сау ұрпақ тәрбиелеу, жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру және қоғамда салауатты өмір салтын қалыптастыру.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын қалыптастыруға және заманауи спорт инфрақұрылымын дамытуға айрықша мән беріп келеді. Спорттағы жеңіс бір күнде келмейді. Оның артында жылдар бойғы жаттығу, тәртіп, еңбек пен табандылық жатыр. Дана халқымыз: «Шын ер жеңсе тасымас, жеңілсе жасымас» дейді. Бұл сөз спортшының ғана емес, спорт саласында еңбек етіп жүрген әрбір маманның ұстанымы болуы тиіс. Бүгін біз осы саланың дамуына үлес қосып жүрген азаматтардың еңбегін ерекше атап өтеміз. Сіздердің еңбектеріңіз бір ғана спортшының жетістігіне емес, тұтас ұрпақтың тәрбиесіне әсер ететін үлкен жауапкершілік, – деді Берік Уәли.

Салтанатты шарада спорт саласында ұзақ жылдар бойы еңбек етіп, өңір спортының дамуына үлес қосқан азаматтарға марапаттар табысталды.

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің «Құрметті спорт қызметкері» төсбелгісімен үстел теннисінен жаттықтырушы, спорт саласында 25 жыл еңбек еткен Бауыржан Шайхин марапатталды. «Еңбек ардагері» төсбелгісі спорт саласының ардагері Ақылтай Жарылғановқа табысталды.

Ал «Дене шынықтыру мен спортты дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісіне волейболдан біліктілігі жоғары жаттықтырушы Думан Исабаев пен Абай облысының ұлттық және ат спорты түрлері бойынша спорт клубының басшысы, қазақ күресінен халықаралық дәрежедегі төреші Болат Ақжігітов ие болды. Сонымен қатар бірқатар азаматтарға Туризм және спорт министрлігін Құрмет грамотасы мен облыс әкімінің Алғыс хаты берілді.

Өңір спортшыларының жетістігі де жыл санап артып келеді. Биылғы қаңтар–шілде айларының қорытындысы бойынша Абай облысының спортшылары халықаралық және республикалық жарыстарда 1038 медаль жеңіп алған. Оның 511-і республикалық жарыс-



тарда, 382-сі Қазақстан чемпионаттарында, 145-і халықаралық додаларда иеленді.

Халықаралық ареналарда да облыс спортшылары жоғары нәтижелер көрсетіп жүр. Германияда өткен конькимен жүгіруден жастар арасындағы әлем чемпионатында Вадим Чебардаков пен Анастасия Беловодова әлем чемпионы атанды. Бұл – Абай облысы құрылғаннан бері олимпиадалық спорт түрлері бойынша көл жеткізілген тарихи жетістік.

Ал Қытай Халық Республикасында өткен жасөспірімдер арасындағы спорттық гимнастикадан Азия чемпионатында Ульяна Пухова мен Саида Қасымжанова Қазақстан ұлттық құрамасы сапында өнер көрсетіп, командалық есепте қола жүлдеге ие болды. Осылайша Қазақстан құрамасы спорттық гимнастикадан Азия чемпионатының командалық есебінде 28 жылдан кейін алғаш рет жүлдеге қол жеткізді.

Бұқаралық және кәсіби спортты дамыту үшін өңірдегі спорт инфрақұрылымы да жаңаруда. Қазіргі таңда облыс аумағында 21 спорт нысанының құрылысы жүргізіліп жатыр.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Абайға құрмет» акциясы аясында да бірқатар маңызды спорт нысаны бой көтеруде. Батыс Қазақстан об-

лысының қолдауымен Семейдің Ұшақтар ауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып, нысан жақын арада пайдалануға беріледі. Павлодар облысының қолдауымен үстел теннисі орталығының, Ақтөбе облысының қолдауымен Жекпе-жек сарайының құрылысы жүргізілуде.

Сонымен қатар «KAZ Minerals» компаниялар тобы жаңа шағын ауданда үлкен стадион салуды қолға алса, «Самурық-Қазына» әл-ауқат қоры облыс орталығында дене шынықтыру-сауықтыру кешенін тұрғызуда. Ал «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры Қарағайлы ықшам ауданында инклюзивті спорт кешенінің құрылысын бастады.

Алдағы уақытта «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның қолдауымен Аягөз қаласында, сондай-ақ «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қолдауымен Ұржар ауданында дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу жоспарланған.

Спорт саласына жасалып жатқан жағдай мен спортшылардың халықаралық додалардағы жетістіктері өңірде бұқаралық спортты дамытып, жас ұрпақты салауатты өмір салтына баулуға бағытталған жұмыстардың жүйелі түрде жалғасып жатқанын көрсетеді.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ЖАҢА КӨПІР - ЖАҢАРУДЫҢ БЕЛГІСІ

Семейде қос жағалауды жалғайтын жаңа автомобиль көпірінің құрылысы жүргізіліп жатыр. Құрылыс алаңындағы ерекше көрініс қала тұрғындарының назарын аударуда: алып металл конструкция Ертістің үстімен біртіндеп жылжып, екінші жағалауға қарай «сырғып» бара жатқандай.

Бек БОЛАТ,
«Semei tañu»

Әлеуметтік желіде тараған бейнежазбадан мұны бір қарағанда түсіну қиын. Бірнеше тонна салмақты металл конструкцияны өзеннің үстімен қалай жылжытуға болады?

Алайда бұл – көпір салуда қолданылатын арнайы инженерлік технология. Құрылымының бөліктері алдымен жағалауда құрастырылып, кейін арнайы механизмдердің көмегімен жобалық орнына қарай кезең-кезеңімен жылжытылады. Осылайша ауыр конструкцияны өзеннің дәл үстінде толық жинауға қажеттілік азаяды әрі құрылыс жұмыстарының қауіпсіздігі қамтамасыз етіледі.

Айта кетсек, қаладағы автомобиль көпірі 1964 жылы пайдалануға берілген. Ол ондаған жыл бойы Семейдің оң және сол жағалауын жалғап, тұрғындар мен көлік үшін негізгі өткелдердің бірі болды.

Алайда алпыс жылдан астам уақыт ішінде көлік ағыны да, қаланың жүктемесі де айтарлықтай өсті. Мамандардың бағалауынша, көпірдің қазіргі жүктемесі оның бастапқы есептік мүмкіндігінен асып кеткен. Соңғы жылдары оның техникалық жағдайына байланысты қозғалысқа бірқатар шектеулер енгізілді.

2021 жылғы тексеруден кейін ескі көпірді болашақта жаяу жүргіншілерге қалдырып, автомобиль қозғалысын жаңа көпірге ауыстыру туралы шешім қабылданды.

Осы тұрғыдан алғанда, жаңа көпір – Семейдің ондаған жыл бойы қалыптасқан көлік мәселесін шешуге бағытталған маңызды инфрақұрылымдық жоба.

Жаңа көпірдің негізгі бөлігі металл конструкциялардан тұрады. Нысанға жеткізілетін металлдың жалпы көлемі шамамен 9 мың тоннаны құрайды. Оның едәуір бөлігі қазірдің өзінде монтаждалған.

Жоба бойынша көпірдің негізгі бөлігінің ұзындығы – 810 метр, ені – 23 метр. Нысан 9 тірек пен 8 аралық құрылымнан тұрады. Ал көпірдің автожолға қосылатын бөліктерін қоса есептегендегі жалпы ұзындығы 1 350 метрге жетеді.

Ең қызығы – құрылысшылар бұл алып конструкцияларды Ертістің үстінде бірден көтеріп қоймайды. Алдымен жағалауда жинақтап, кейін арнайы технология арқылы өзен үстіне қарай жылжытады.

Сондықтан алыстан қараған адамға бірнеше тонна металлдың Ертістің үстімен «сырғып» бара жатқанындай көрінеді.

Ал шын мәнінде бұл – инженерлік есеп пен заманауи құрылыс технологиясының нәтижесі.

Семейдің ескі көпірі қала тарихының бір бөлігіне айналды. Ол талай буынның күнделікті жолына қызмет етті, қаланың екі жағалауын ондаған жыл бойы жалғап тұрды.

Енді оның жанынан жаңа көпір бой көтеруде.

Бірі – Семейдің өткенінен сыр шертетін нысан болса, екіншісі – қаланың болашақтағы көлік жүйесіне қызмет ететін жаңа инфрақұрылым.

Сондықтан Ертістің үстімен бүгін «сырғып» бара жатқан әрбір металл конструкцияның артында Семейдің жаңа көлік дәуіріне қарай жасаған кезекті қадамы тұр.

«ҚАЛАДАН-АУЫЛҒА»

395 ОТБАСЫ ҚОНЫС АУДАРДЫ

Ауылдың әлеуетін арттырып, елді мекендердегі халық санын көбейту, еңбек ресурстарын толықтыру және ауылдық жерлерге жаңа серпін беру – «Қаладан – ауылға» жобасының негізгі мақсаты. Абай облысында аймақ басшысы Берік Уәлидің бастамасымен қолға алынған жобаға тұрғындардың қызығушылығы артып, ауылға қоныс аударушылар қатары қартып келеді.

Қоныс аударушылардың қатарында ауылға тұрақтап, еңбек етуге ниетті азаматтармен бірге балаларының болашағын ауылмен байланыстыратын отбасылар да бар. Жоба аясында оларға жаңа ортаға бейімделуге, жұмысқа ор-



наласуға және тұрмыстық мәселелерін шешуге қолдау көрсетуге басымдық беріледі.

– Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, жыл соңына дейін өңірге 500 отбасын көшіру жоспарланған. Қазіргі таңда меженің 79 пайызы орындалды. Яғни алты айдың ішінде облысқа 1241 адамнан тұратын 395 отбасы қоныс аудар-

ды. Оның 508-і Семей қаласынан көшсе, 733 адам еліміздің өзге өңірлерінен келген. Белгіленген жоспарға сәйкес әр ауданға 50 отбасынан қатылуды міндетті қойылған. Бұл көрсеткіш қала және аудан әкімдерінің қызметін рейтингтік бағалау жүйесіне де енгізілген, – дейді жобаның үйлестірушісі Қанат Тұрап.

Жобаның басты ерекшелігі – қоныс аударумен ғана шектелмей, жаңа ортаға келген әр отбасының жағдайын назарда ұстау. Қазіргі таңда қоныс аударған отбасылардың тұрмыс жағдайы, жұмыспен қамтылуы, әлеуметтік мәселелері мен ұсыныс-тілектері тұрақты зерделеніп келеді.

Бұл жұмыстар аудан әкімдерінің жобаға жауапты орынбасарлары мен ауыл әкімдерімен бірлесіп жүргізілуде. Әр отбасының мәселесін дер кезінде анықтап, оны шешуге мүмкіндік жасау – жобаның маңызды бағыттарының бірі. Осы арқылы ауылға көшіп келген азаматтардың жаңа ортаға тез бейімделуіне жағдай жасалуда.

Өз тілшіміз

БІЛІМ

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІРМІЗ БЕ?

Облыс әкімі Берік Уәлидің төрағалығымен өткен кеңейтілген аппараттық кеңесте 2026-2027 оқу жылына жалпы орта білім беру ұйымдарының әзірлігі қаралды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша білім басқармасының басшысы Айжан Құрманова баяндама жасады.

Анар АХМЕТҚАЛИЕВА,
«Semei tañu»

Өңірде жаңа оқу жылына дайындық бекітілген жоспарға сәйкес жүргізілуде. Жаңа оқу жылында облыста 304 мемлекеттік мектеп жұмыс істейді. Ал оқушылар саны 101 мыңнан асады деп болжанды.

Биыл облыста бес мектепке күрделі жөндеу жүргізілуде. Сонымен қатар 133 мектепте 223 жоба бойынша ағымдағы жөндеу жұмыстары қолға алынған. Жоспарланған жұмыстардың баспалық бөлігі аяқталды.

Мектептердің жылыту маусымына дайындығы да бақылауда. Қазіргі уақытта білім беру ұйымдарының 91 пайызында жылу жүйелері сынақтан өткізілсе, 83 пайызы дайындық актілерін алған. Қалған жұмыстарды оқу жылы басталғанға дейін толық аяқтау жоспарланған. Қатты отынмен жылытатын 173 мектептің барлығы мен көмір жеткізу бойынша келісімшарт жасалып, отынды жеткізу басталды.

Жаңа оқу жылында білім беру ұйымдарын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жұмыстары да жалғасуда. Биыл 16 мектепке 32



пәндік кабинет сатып алуға тиісті қаржы бөлінді.

Мектебі жоқ елді мекендердегі үш мыңнан астам бала күнделікті тасымалмен қамтылған. Оқушыларды тасымалдайтын 109 автобустың барлығы техникалық тексеруден өткен. Автопаркты жаңарту мақсатында биыл 50 жаңа автобус сатып алу жоспарланып отыр.

Әлеуметтік қолдау шаралары да назардан тыс қалмаған. Биыл 1–4 сынып оқушылары мен әлеуметтік осал санаттағы балаларды қамтитын 49 мыңнан астам оқушы тегін тамақпен қамтамасыз етіледі.

Білім беру ұйымдарында-

ғы қауіпсіздік мәселесі де тұрақты бақылауда. Облыс мектептері цифрлық бейнебақылау камераларымен, туризметермен және дабыл түймелерімен толық қамтамасыз етілген. Қауіпсіздік жүйелерін орталықтандырылған бейнемониторингке қосу жұмыстары жүргізілуде.

Педагог кадрлармен қамтамасыз ету деңгейі де жоғары. Қазіргі таңда облыс мектептерінде 12 мыңнан астам педагог еңбек етеді. Штаттың жинақталу деңгейі 98,7 пайызды құрайды. Мұғалімдердің кәсіби біліктілігін арттыруға да басымдық беріліп, педагогтердің 92 пайызы қысқа мерзімді оқыту

курстарымен қамтылды. Жиында аймақ басшысы жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын белгілеген мерзімде әрі сапалы аяқтауды тапсырды. Білім басқармасы мен қала, аудан әкімдеріне мектептердегі жөндеу жұмыстарын аяқтау, білім беру ұйымдарының жылыту маусымына әзірлігін қамтамасыз ету, оқушыларды қауіпсіз тасымалдау, мектептерді оқулықтар және қажетті құрал-жабдықтармен қамту, сондай-ақ қауіпсіздік талаптарының сақталуын бақылау міндеттелді.

– Жаңа оқу жылының басталуына аз уақыт қалды. Біз үшін негізгі көрсеткіш – 1 қыркүйек күні әрбір мектептің жаңа оқу жылына толық дайын болуы. Әсіресе аяқталмаған жөндеу жұмыстары, жылыту жүйелерінің әзірлігі, оқушыларды тасымалдау қауіпсіздігі, мектептердегі орын тапшылығы және балалардың қауіпсіздігі сияқты мәселелер бойынша нақты бақылау қажет. Білім басқармасы бұл жұмыстарды энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасымен, аудан және қала әкімдіктерімен бірлесіп, күнделікті бақылауда ұстауы тиіс, – деді Берік Уәли.

Аймақ басшысы Берік Уәлидің төрағалығымен кеңейтілген аппараттық кеңес өтіп, онда 2026–2027 жылдардағы жылыту маусымына дайындық жұмыстарының барысы қаралды. Жиынға аудан және қала әкімдері, облыстық басқармалар мен өңірлік департаменттердің басшылары қатысты. Бұл туралы облыс әкімінің баспасөз қызметі хабарлады.

БІЗДІҢ ЖАҚТА ҚАҒЫС ҰЗАҚ: ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИ,
«Semei tañu»

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Раджан Сейітқанов, «Теплокоммунэнерго» ММК директоры Саят Әкімжанов және білім басқармасының басшысы Айжан Құрманова баяндама жасады.

Қазіргі таңда облыстың жылыту маусымына дайындығы 73 пайызды құрайды. Бұл көрсеткіш өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 21 пайызға жоғары. Биыл жылу инфрақұрылымын жаңғыртуға 14,5 млрд теңге бағытталған. Қазір 17 жылу көзінде күрделі жөндеу, 32 нысанда ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізіліп, 38 шақырымнан астам жылу желісі жаңартылуда.

Жөндеу жұмыстарының басым бөлігі Семей қаласында жүзеге асырылуда. Мұнда жалпы құны 14,2 млрд теңге болатын 32 жобайсқа асырылып жатыр. Күрделі жөндеу жоспарланған 13 жылу көзінің сегізінде жұмыс аяқталған. Ағымдағы жөндеу жоспарланған барлық нысандарда жұмыстар толық орындалды. Жылу желілерін жаңғырту жұмыстары да бекітілген кестеге сәйкес жүргізілуде.

Алдағы жылыту маусымының тұрақты өтуін қамтамасыз ету үшін көмір қорын алдын ала қалыптастыруға ерекше мән беріледі. Облыстың көмірге жалпы қажеттілігі 1,2 млн тоннамен құрайды.

Семей қаласы мен Шүлбі кентін жылумен қамтамасыз ететін «Теплокоммунэнерго» кәсіпорны да жылыту маусымына дайындық жұмыстарын жүргізуде. Биыл жылу жүйесін жаңғыртуға 5,877 млрд теңге бөлінген. Осы қаражат есебінен 21 жылу көзінің 12-сіндегі 19 қазандыққа күрделі жөндеу жүргізіліп, жылу желілерінің жекелеген учаскелері жаңартылуда.

Қазіргі уақытта 21 жылу көзінің 16-сы толық дайын. Қалған нысандардағы жұмыстар белгіленген кестеге сәйкес аяқталады. Кәсіпорын мәліметінше, бұл жұ-

мыстар жылыту маусымын белгіленген мерзімде бастауға кедергі келтірмейді.

Биыл Семейде 38 шақырым жылу желісінде жөндеу жүргізілуде. Оның 22,4 шақырымы аяқталған. Барлық жұмыстар толық аяқталған жағдайда жылу желілерінің тозу деңгейі 58,2 пайыздан 54,1 пайызға дейін төмендейді.

Сонымен қатар қалада жылу жүйесін жаңғыртуға бағытталған тоғыз жоба іске асырылуда. Жобалар нәтижесінде 11,8 шақырым жылу желісі мен екі жылу көзі жаңғыртылады.

Жылыту маусымына қажетті көмір қоры да кезең-кезеңімен қалыптастырылуда. «Қаражыра» АҚ-мен тиісті шарт жасалып, көмір жеткізу жұмыстарын 20 тамыздан бастап жүзеге асыру жоспарланған.

Жиында өңірдегі жылу жүйелерінің дайындығымен қатар, білім беру ұйымдарының жаңа оқу жылына әзірлігі де талқыланды.

Облыс әкімі Берік Уәли жөндеу жұмыстарын белгілеген мерзімде аяқтап, барлық нысандарды жылыту маусымына толық дайындауды тапсырды. Сондай-ақ қала және аудан әкімдеріне дайындық барысын жеке бақылауға алып, анықталған кемшіліктерді жедел жою және қажетті көмір қорын қалыптастыру міндеті жүктелді.

– Көріп отырғанымыздай, облыс бойынша белгілі бір жұмыстар атқарылып жатыр. Алайда бізді жалпы пайыздық көрсеткіш емес, әрбір нысанның жылыту маусымына толық дайын болуы алаңдатуы тиіс. Бірқатар қалалар мен аудандарда дайындық деңгейі әлі де төмен. Аягөз, Ұржар, Бороодулиха аудандарында жұмысты күшейту қажет. Семей қаласындағы ірі жобалардың белгіленген мерзімде әрі сапалы аяқталуы қатаң бақылауда болуы тиіс. Әлеуметтік нысандарға да осындай талап қойылады. Мектептер, ауруханалар және барлық әлеуметтік нысандар жылыту маусымына толық дайын болуы керек. Көмір мәселесі де ерекше бақылауымызда болады, – деді облыс әкімі.



АБАЙ

ТАМИЗ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНДА ҮЗДІКТЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Облыс әкімі Берік Уәлидің қатысуымен өткен дәстүрлі тамыз конференциясында білім саласының үздіктері марапатталды.

Жиын барысында Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің «Ыбырай Алтынсарин» медалімен Абай ауданының білім бөлімінің басшысы Скакова Бакизат Нұрмұхаметқызы марапатталды. Ал Бекбосынов орта мектебінің математика пәні мұғалімі Шаянбай Үмітхан Айтқалиқызына «Абай облысына сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі табысталды.

Сонымен қатар «Үздік ұйым» байқауының жеңімпазы атанған Қарауыл гимназиясына арнайы марапат пен 10 млн теңгенің қаржылай сертификаты берілді.

Бұл марапаттар – ауданның білім саласында атқарылып жатқан жүйелі жұмыстың және ұстаздардың еселі еңбегінің нәтижесі.

АЯГӨЗ

СПОРТШЫЛАР БАҚ СЫНАСТЫ

Аягөз ауданында мекеме қызметкерлері арасында спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Шараны аудандық Мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі өткізді.

Қатысушылар асық ату, футбол және гір көтеру спорт түрлерінен бақ сынады. Футболдан бірінші орынды Горono командасы иеленсе, екінші орынға «Шығыс», үшінші орынға ТЖМ командасы тұрақтады.

Гір көтеруден 70 келі салмақта Алихан Сайлаубеков, 80 келіде Еркеболсын Малдыбаев, ал 90 келіден жоғары салмақта Аманбол Қабдоллаев үздік атанды. Асық атудан Еркебұлан Орынғожин, Нұрасыл Жұмай және Бірлік Орымбаев жүлдегерлер қатарынан көрінді.

Спорттық шара қатысушылардың белсенділігі мен салауатты өмір салтына деген қызығушылығын арттыра түсті.

БЕСҚАРАҒАЙ

ЖАСТАР – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ НЕГІЗІ

Халықаралық жастар күні қарсаңында Бесқарағай ауданында «Жастар Dialog» ашық пікірталас алаңы өтті. Жастардың өзекті мәселелерін талқылап, еркін пікір алмасуына мүмкіндік берді.

Кездесуде сапалы білім алу, жұмысқа орналасу, өзін-өзі дамыту, қоғамдық белсенділік және мемлекеттік жастар саясаты мәселелері сөз болды. Қатысушылар заманауи мамандықтарды меңгеру, жаңа дағдыларды игеру, волонтерлік қозғалысты дамыту және жастарға арналған бағдарламалардың тиімділігі жөнінде ой бөлісті.

Бесқарағайлық жастар өз ұсыныстарын ортаға салып, көкейдегі сауалдарын қойды. Мұндай кездесулер жастардың белсенділігін арттырып, тың бастамаларын жүзеге асыруға жол ашады.

ЖАҢАСЕМЕЙ

МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ЖӨНДЕЛЕДІ

Жаңасемей ауданының Қайнар ауылындағы 250 орындық Мәдениет үйінде ағымдағы жөндеу және абаттандыру жұмыстары жүргізілуде. Жөндеу жұмыстарын «Gold group MS» ЖШС, ал аумақты абаттандыруды «Numas» ЖШС атқарады.

Аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Мейрамғали Дөрменқұловтың айтуынша, жұмыстарды 1 қыркүйекке дейін аяқтау жоспарланған. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстары белгіленген кестеге сәйкес жүргізілуде. Жөндеуден кейін Мәдениет үйі тұрғындардың бос уақытын тиімді өткізуіне, шығармашылықпен айналысуына қолайлы жағдай жасайтын мәдени орталыққа айналады. Сонымен қатар «Қазақстан халқына» қорының қолдауымен нысанның материалдық-техникалық базасын нығайту жоспарлануда.

МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ – МАҢЫЗДЫ

Жаңасемей ауданында мал азығын дайындау жұмыстары жоспарға сай жалғасып жатыр. Ауданда ауыл шаруашылығы мақсатындағы 1,1 млн гектардан астам жайылым, 6,1 мың гектар шабындық және 15,3 мың гектар егістік алқап бар.

Биыл 98 700 тонна шөп, 14 600 тонна сүрлем, 5 мың тонна сабан, 71 мың тонна жем және 7 900 тонна пішендеме дайындау жоспарланған. Бүгінде 41 454 тонна шөп дайындалып, жолардың 42 пайызы орындалды. Оның 5 147 тоннасы өткен жылдан қалған қор, 24 382 тоннасы шаруашылық субъектілеріне, 17 072 тоннасы жеке қосалқы шаруашылықтарға тиесілі.

Мал азығын дайындау жұмыстарына 181 шөп шабатын бригада қатысуда. Шабындық алқаптары жер елді мекендер қажетті шөпті өзге шаруашылықтардан, Бесқарағай ауданынан және Павлодар облысынан сатып алуда.

«ST»-ақпарат

АБАЙ

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ – АУЫЛ БОЛАШАҒЫНЫҢ НЕГІЗІ

Ауылдық елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыру ең алдымен тұрғындарға қолайлы жағдай қалыптастырудан басталады. Баспана, сапалы жол, таза ауыз су және инженерлік инфрақұрылым – ауыл өмірінің тұрақтылығын айқындайтын негізгі бағыттар. Осы ретте Абай ауданында бірқатар маңызды жобалар жүзеге асырылып, әлеуметтік нысандар мен инженерлік желілерді жаңғырту жұмыстары жүргізілуде.

Ай-Көркем МАҚЫШ,
«Semey tanu»

–Абай ауданында тұрғын үй құрылысына соңғы жылдары ерекше көңіл бөлініп келеді. Биыл ауданда 20 тұрғын үй, яғни 40 пәтер салу жоспарланған. Оның ішінде 13 үй – 26 пәтер 85 шаршы метрден, ал 7 үй – 14 пәтер 65 шаршы метрден болады.

Қазіргі таңда Кеңірбай би, Көкбай, Құндызды, Архат, Қасқабұлақ, Саржал және Тоқтамыс ауылдарында екі пәтерлі тұрғын үйлердің құрылысы жүргізілуде. Сонымен қатар Орда елді мекенінде бір, Медеу ауылында үш екі пәтерлі тұрғын үй бой көтеруде.

Жаңа үйлер салынатын жер учаскелері электр желісімен және орталықтандырылған су құбырымен қамтамасыз етілген. Тұрғын үйлер ұзақ жана-тын пештермен жабдықталмақ, - дейді Абай ауданының сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолашылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Жандос Мұқаев.

Жалпы, аудан бойынша тұрғын үй құрылысы 2020 жылдан бері қолға алынған. Осы уақыт аралығында мемлекет тарапынан 251 пәтер пайдалануға берілген. Бұл жұмыстар алдағы жылдары да жалғасып, баспанаға мұқтаж азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ауылдардың дамуы жол сапасымен де тікелей байланысты. Абай ауданындағы автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы 402,6 шақырымды құрайды. Оның ішінде республикалық маңызы бар жолдар – 70 шақырым, облыстық маңызы бар жолдар – 247,6 шақырым, аудандық маңызы бар жолдар – 85 шақырым. Сонымен бірге жолдар бойында 8 көпір, 2 канал және 270 суағар бар.

– Биыл аудандық маңызы бар «Қарауыл–Архат» автожолының 15–20 шақырым аралығын орташа жөндеу жұмыстары қолға алынууда. Мердігер ре-



тінде «Дерикар» ЖШС анықталған. Қазіргі уақытта 7 су ағарды қалпына келтіру, 1 шақырым жолдың негізін төсеу және 400 метр аумақта негізді қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде.

Сондай-ақ облыстық маңызы бар «Аягөз–Қарауыл–Р23–Семей–Қайнар» автожолының 68–84 шақырым аралығындағы 16 шақырым бөлігін орташа жөндеу басталды. Жолдың 4 шақырымдық бөлігінің негізі дайындалған. Жұмысты «Семей жолдары» ЖШС атқарады.

Ал осы жолдың 99–126 шақырым аралығын орташа жөндеу жобасы бойынша жұмыстар әзірге

ЗАМАНДАСЫН СУДАН ҚҰТҚАРЫП ЕДІ



ауылдық ардегерлер кеңесінің төрағасы Әсембек Рахымжанов екеуміз Асубаев Кеңесбектің - Кешаның үйіне барып, әңгімелестік.

–Елеке сазындағы табиғаты тамаша, өзен жағасында демеліп жүрген едік, кенет: «Кеша, секір, секір, анау суға кетті!» деп үш-төрт жігіт жамырай дауыстады. Үрейлі бұйрықты естіген бойда сырт киімімді шешіп үлгеріп, тұрғанардың ортасынан өте шығып, иірімге секірдім. Асау толқынды иірім суы Оразғалиды шыр көбелек айналдырып барады есен.

БЕСҚАРАҒАЙ

Бесқарағай ауданының әкімі елді мекендердегі маңызды әлеуметтік нысандарды аралап, алдағы жылыту маусымына дайындық барысын тікелей тексерді. Шара аясында аудандық орталық аурухана мен жергілікті колледждің жылу жүйелері назарға алынды.

ЖЫЛУ ҚАЗАНДЫҚТАРЫ ТЕКСЕРІЛДІ



Жұмыс сапары барысында аудан басшысы ең алдымен аудандық орталық аурухананың көмірмен жұмыс істейтін қазандығының жай-күйін көрді. Емдеу мекемесіндегі жылыту жүйесінің тұрақты әрі үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету мәселесі жан-жақты талқыланды. Әкім жауапты тұлғаларға қысқа маусым басталғанға дейін нысанды сапалы отынмен толық қамтамасыз

етуді және қажетті көмір қорын уақытылы жеткізуді қатаң тапсырды. Келесі кезекте Бесқарағай колледжіндегі электр жылыту жүйесінің өзіндік тексерді. Тексеріс нәтижесінде аталған білім ошағының дайындық деңгейінен бірқатар кемшіліктер анықталды. Аудан басшысы бұл оқиықтарды нысанаға алып, оларды қысқа мерзім ішінде толықтай жою жөнінде

Е. РАХМЕТУЛИН

Арқа тұсынан ұмтыла ұстап, жағаға қарай алып шықтым. Артынан ойлап қарасам соным дұрыс болған екен. Суға кеткен адам құтқарушының қолына жармасса онда құтқаратын адам әрекет ете алмай екеуі де мерт болады дегенді талай естіген едім. Оразғали мен бәйбішесі Айгүл екеуі де мұғалім, балалы-шағалы, өнегелі отбасы. Алғыстарын айтты, жақсылығымды ұмытпады. Осы жағдайға куә болған Амангелді Қыдырмолдин (Аманай) қазіргі уақытта Ақсуат аудандық білім беру бөлімін басқарады. Ол да бұл оқиғаны ұмытпай, еске алып жүреді. Сейфуллин атындағы орта мектепте директор болып тұрғанда Аманай: «Мына Кеша бір азаматты судан құтқарған еді», -деп, болған оқиғаны айтып беріп еді», -дейді Кеңесбек.

Өзгенің өмірі үшін өз өмірін аямаған Кеңесбек осындай қауіпті әрекетке батылы жетіп қалай барды екен дейміз ғой. Оның сырына әңгіме барысында қанықтық. Кеңесбек Семейде, Ертіс өзені жағасындағы бірінші мектеп интернатында он жыл оқыпты. Сондағы педагогикалық институттың көркемсуретфакультетін бітіріпті. Оқушы кезінен бастап спорттың барлық түрімен шұғылданып, суда жүзуді де сонда меңгеріпті. Жеңіл атлетикадан атағы ауданға тарап, спорт түрлерінен өзі басқарған команда жарыстарда алдыңғы орын-

ды ешкімге бермепті.

Кеңесбек Ақсуатта қарапайым отбасында дүниеге келіпті. Әкесі Сейіт жетім өскеніне қарамай 1941 жылы соғысқа жіберіліп, Ленинград, Кенигсберг майдандарындағы шайқастарға қатысып, аяғынан айырылып, елге оралған екен. Анасы Құмарова Қатипа байланыс бөлімінде жұмыс істепті. Өнегелі отбасынан шыққан, зейнеткер ұстаз Кеңесбек зайыбы Гүлмира екеуі тәрбиелі ұлқы өсіріп, олардан немере, шөбере сүйіп отыр. Кеңесбек орта мектепте қырық жыл ұстаз болды. Оның балаларының бәрі жоғары білімді, ата-көсібін ардақтап, ұстаздық жолды таңдаған мұғалім.

Нар тәуекел – ердің ісі. Қауіп-қатерге қарамастан, қысылтағыз сәтте батыл шешім қабылдап, жанқиярлық танытқан Кеңесбектің замандасын судан алып шығуы баға жетпес ерлік іс. Төтенше жағдайлар министрлігі мұндай жағдайда батыл әрекетімен ерекшеленген азаматтарды «Суға кеткенді құтқарғаны үшін» медалімен марапаттайтын еді. Бір замандасын қатерден аман алып қалған ардагер ұстаз Кеңесбек Асубаев мақтауға да, марапаттауға да лайық азамат деп білеміз.

Хамза СӘТИБЕВ,
журналист

ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТАТУЛЫҚ – БАСТЫ БАЙЛЫҚ

Қоғамдық келісім мен этносаралық өзара түсіністікті нығайту – мемлекетіміздің ішкі саясатының басты бағыттарының бірі.



Осы бағыттағы іс-шаралар аясында Бесқарағай аудандық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Малая Владимирова ауылдық округінің тұрғындарымен арнайы кездесу ұйымдастырды. Жиын барысында этносаралық қатынастар саласындағы ең өзекті және маңызды мәселелер ортаға салынды.

Басқосуда қоғамдық тұрақтылықты көздің қарашығындай сақтау, ауылдағы түрлі этнос өкілдері арасындағы өзара құрметті арттыру мәселелері талқыланды. Сондай-ақ тұрмыстық деңгейдегі кез келген жанжалдардың алдын алу, қоғамда толеранттылық пен тату көршілік қағидаттарын берік ұстану қажеттілігіне ерекше назар аударылды. Топ мүшелері бірлік бар жерде ғана береке мен даму болатынын атап өтті.

Кездесу еркін пікір алмасу форматында өтті. Ауыл тұрғындары өз ойларын ашық білдіріп, көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойды және мамандардан тұшымды әрі заң аясында нақты түсіндірмелер алды.

Жиынды қорытындылай келе, қатысушылар ел ішінде туындаған кез келген мәселеге дер кезінде ден қоюдың маңыздылығын алға тартты. Халықпен сындарлы диалог орнату, сондай-ақ мемлекеттік органдардың, қоғамдық ұйымдар мен жергілікті тұрғындардың бірлесу жұмыс істеуі – ауыл тыныштығы мен тұрақтылығының негізгі келілі екені тағы бір мәрте дәлелденді.

«ББ» - ақпарат

ЖОҒАРЫ БІЛІМ

АУСТРАЛИЯМЕН СЕРІКТЕСТІК - ДАМУДЫҢ ЖАҢА БАҒЫТЫ

Шәкәрім университетіне Аустралияның Мёрдок университетінің (Murdoch University) делегациясы арнайы әріптестік сапармен келді. Делегация құрамында Мёрдок университетінің Жаһандық байланыстар жөніндегі проректорының орынбасары Саймон Джон МакКирди, Тамақ өнеркәсібін дамыту перспективалары институтының проректоры Питер Мостин Дэвис, сондай-ақ Мёрдок университетінің Дубай кампусының атқарушы директоры және стратегиялық серіктестік жөніндегі директоры Мохамед Ба бар.

Шетелдік делегация мүшелерін Шәкәрім университетінің ректоры-Басқарма төрағасы Думан Орынбеков, Басқарма мүшесі – интернационалдандыру және инновациялар жөніндегі проректоры Ерасыл Дулатбай бастаған оқу ордасының ғалымдары мен ұстаздар ұжымы қарсы алды.

Алдымен айтар болсақ, бұл кездесу Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің бір күн бұрын Аустралияның Мёрдок университетінің өкілдерімен кездесуінің нәтижесі. Кездесу барысында Шәкәрім университеті мен Мёрдок университеті арасындағы стратегиялық әріптестікті дамыту және Семей қаласында Аустралия университетінің филиалын ашудың мүмкіндіктері қарастырылып, қос оқу орыны арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылғаны белгілі.

Тағы бір атап өтер жайт, халықаралық ғылыми-білім беру ынтымақтастығын дамыту мақсатында быылғы ақпанда «Шәкәрім университеті» КеАҚ өкілдері мен Murdoch University арасында жұмыс кездесуі өткен болатын. Кездесу қорытындысы бойынша академиялық ұтқырлықты дамыту, бірлескен ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру, сондай-ақ бірлескен және қос дипломды білім беру бағдарламаларын әзірлеу мен іске асыруды көздейтін ынтымақтастық туралы меморандумды дайындау жөнінде келісімге қол жеткізілді. Қол жеткізілген уағдаластықтарды одан әрі пысықтау аясында 2026 жылғы сәуірде екі тараптың өкілдері «Халықаралық бағдарламалар орталығы» АҚ басшылығымен кездесу өткізіп, оның барысында «Шәкәрім университеті» КеАҚ жас ғалымдары мен зерттеушілерінің «Болашақ» халықаралық стипендиясы шеңберінде Murdoch University университетінде ғылыми тағылымдамадан өту мәселелері талқыланды.

Шәкәрім университетінің Бас ғимаратындағы кездесуді ашқан ректор Думан Нұрғалиұлы Мёрдок университетімен әріптестік осы оқу ордасының халықаралық байланыстарын нығайту мақсатындағы маңызды қадам екендігін атап өтті. Яғни, тек білім беру саласындағы тәжірибе алмасулармен ғана шектелмей, ғылыми зерттеулер, технология трансфері, академиялық ұтқырлық және өңір экономикасына қажетті мамандар даярлау бағыттарында жүйелі жұмыс атқару көзделіп отыр.

«Кеше Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбектің



қатысуымен Шәкәрім университеті базасында Мёрдок университетінің филиалын ашу жөніндегі меморандумға қол қойылды. Мёрдок университетімен әріптестік – Шәкәрім университетінің халықаралық байланыстарын жаңа деңгейге көтеретін маңызды қадам. Біз бұл ынтымақтастықты тек білім беру саласындағы байланыстармен шектемей, ғылыми зерттеулер, академиялық ұтқырлық және өңір экономикасына қажетті мамандар даярлау бағыттарында дамытуды көздейміз», - деді Д.Орынбеков.

Өз кезегінде Мёрдок университетінің жаһандық байланыстар жөніндегі проректорының орынбасары Саймон Джон МакКирди Қазақстанға, соның ішінде Абай облысына келген сапарында Шәкәрім университетімен әріптестік орнатылғанына қуанышты екенін жеткізе отырып, Аустралия мен Қазақстанның ауылшаруашылығы саласын дамытуда ұқсастықтар барына тоқталды.

Мёрдок университеті – QS World University Rankings 2027 рейтингінде 422-орында тұрған жетекші университет болып саналады. Әлемге әйгілі оқу ордасының ауыл шаруашылығы, ветеринариялық медицина, азық-түлік қауіпсіздігі және тағам технологиялары бағыттарындағы ғылыми-білім беру тәжірибесі халықаралық деңгейде жоғары бағаланады.

- Мен Батыс Аустралиядағы Мёрдок Университетінің Жаһандық Өзара әрекеттесу жөніндегі Вице-канцлерінің орынбасарымын. Біздің университет 25 жыл бұрын Сингапурмен, 17 жыл бұрын Жапониямен осындай жоғары деңгейде байланыс орнатқан еді. Одан өзге Дубаймен де байланысымыз нақты жолға қойылған. Шәкәрім университетімен серіктестік орнату екі жоғары оқу орны үшін де үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Әсіресе ауыл шаруашылығы мен ғылыми зерттеулерге басымдық бере отырып, білім беру бағ-

дарламалары мен зерттеу бағыттарын дамытуға әлеуетіміз зор. Шәкәрім университетімен де бүгінгі әріптестік меморандум келешекте жақсы нәтижелерге қол жеткізеді деп сенемін, - деді аустралиялық мәртебелі мейман.

Осы орайда Шәкәрім университетінің да ғылымның түрлі бағыты бойынша жоғары деңгейдегі жетістіктері баршылық екенін атап өткен жөн. THE Sustainability Impact Ratings 2026 халықаралық рейтингінде университет 801–1000 тобына кіріп, БҰҰ-ның 17 Тұрақты даму мақсатының 15 бағыты бойынша бағаланып отыр. Университет Қазақстанның ең үздік он жоғары оқу орнының қатарына кіреді.

Шәкәрім университетінің стратегия және әлеуметтік даму жөніндегі проректоры Асқар Қасымов оқу ордасының негізгі қызмет бағыттары, оқу орнының стратегиялық басымдықтары және даму жоспарлары жайында кеңінен мағлұмат берді.

Бас ғимаратта өткен кездесуден соң Мёрдок университетінің делегациясы Шәкәрім университетінің оқу орнының ғылыми, білім беру және өндірістік инфрақұрылымымен танысу мақсатында бірнеше зертханаларында болды.

Шәкәрім Lab орталығының директоры Александр Кливенко осы орталықта орналасқан өнеркәсіптік қалдықтарды өңдеу технологиясы, химиялық зертхана тағы да басқа түрлі бағыттағы ғылыми зерттеулердің жұмыс барысымен кеңінен таныстырды. Сондай-ақ шетелдік қонақтар университеттің Инженерлік орталығы, «Құрт өндіру технологиясы және өңір жартылай фабрикаларын өндіру» оқу-өндірістік алаңы, Агротехнопарк, сондай-ақ «Агроөнеркәсіп кешені өнімдерін валоризациялау» ғылыми-тәжірибелік орталығында тақарылып жатқан жұмыстар барысын көріп, шыннайы қызығушылық танытты.

Мәселен, Инженерлік орталықтағы «Материалдар бетін өңдеудің плазмалық технологиялары» зертханасының, «Материалтану және материалдардың бетін модификациялау электролиттік-плазмалық технологиялар» зертханасының жас мамандары отандық ғылымды дамытудағы жаңалықтары жайында ойларын ортаға салды.

Ал «Құрт өндіру технологиясы және өңір жартылай фабрикаларын өндіру» оқу-өндірістік алаңы тамақ өнімдерінің физика-химиялық қасиеттерін зерттеуге арналған озық құрал-жабдықтармен жабдықталған. Қазақтың ұлттық тағамының ерекшелігіне тәнті болған аустриялық меймандар бұл бағытта студенттер мен магистранттар өз білімдерін өндіріс жағдайында қолданып ізденіс аясын кеңейтуіне де мүмкіндік барына көз жеткізді.

Аустралиялық делегацияның бұдан кейінгі жұмыс сапарының бағыты Абай облысының ауылшаруашылығы өндірісімен танысуға жалғасты.

Шәкәрім университетінің баспасөз қызметі

ҒЫЛЫМ

Халықаралық жастар күні қарсаңында облыс көлемінде білімге, ғылымға және жаңа идеяларға ұмтылған жастарға қолдау көрсету дәстүрі жалғасын тапты. Облыс әкімі Берік Уәли жас буын өкілдеріне «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантын салтанатты түрде табыстады. Жастардың бастамаларын қолдауға бағытталған кездесуге грант иегерлері, жастар ұйымдарының өкілдері және өңірдің белсенді жастары қатысты.

АЙЫМНЫҢ АЙРЫҚША ЖОБАСЫ



Биыл «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты Абай облысында жеті бағыт бойынша берілді. Байқауға барлығы 74 өтінім түскен. Биылғы конкурстың ерекшелігі – жастардың ғылыми ізденістерін қолдауға мүмкіндік беретін «Ғылым» және «Экология» бағыттарының алғаш рет енгізілуі.

Грант иегерлерінің қатарында Шәкәрім университетінің «Техникалық физика» білім беру бағдарламасының екінші курс докторанты Айым Леонидова да бар.

Жас зерттеуші байқауға жылу энергетикасы саласындағы өзекті мәселелердің бірін шешуге бағытталған ғылыми жобасын ұсынған. Оның жобасы «Абай облысындағы ЖЭО батареялық циклон элементтерінің ресурсын арттыру үшін электрдоғалы бүркіу әдісімен жағылатын тозуға және коррозияға төзімді жұқа қабатты қорғаныш жабындарды әзірлеу және зерттеу» деп аталады.

Жоба атауының өзі оның ғылыми бағыты мен практикалық маңызын аңғартады. Қарапайым тілмен айтқанда, зерттеу жылу электр орталықтарындағы күл ұстағыш қондырғылардың жұмыс істеу мерзімін ұзартуға бағытталған.

Жалпы жылу энергетикасы нысандарында күл көп көмірдің жағылуы өндірістік жабдықтардың тозуын жеделдетеді. Әсіресе, батареялық циклондардың ішкі элементтері эрозиялық, коррозиялық және абразивтік әсерге ұшырайды. Мұндай тозу уақыт өте келе жабдықтың жұмыс тиімділігіне әсер етіп, оны жөндеуге немесе ауыстыруға қосымша шығынды қажет етеді.

Айым Бауыржанқызының зерттеуінде осы мәселені материалтану және заманауи технологиялар арқылы шешудің жолы қарастырылады. Ғалым пайдаланылған батареялық циклоннан алынған үлгілердің микроқұрылымын, коррозия мен эрозияның тереңдігін зерттеп, материалдың кандай жағдайда және қаншалықты тозатынын анықтайды.

Зерттеудің негізгі жаңалығының бірі – қорғаныш жабындысын өте жұқа қабат түрінде қалыптастыру. Электрдоғалы бүркіу

технологиясы арқылы қалыңдығы шамамен 150–300 микрометр болатын тозуға төзімді жабын жасау көзделген. Бұл жерде жұқа қабаттың маңызы зор. Өйткені циклонның ішкі арналарына тым қалың жабын жағу газ ағынының аэродинамикасын өзгертіп, қондырғының қалыпты жұмысына кері әсер етуі мүмкін екен.

Сондықтан жас ғалымның зерттеуі бір қарағанда қарапайым көрінгенімен, оның артында нақты өндірістік мәселені шешуге бағытталған күрделі ғылыми міндет тұр.

Жобаны жүзеге асыру барысында бірнеше маңызды кезең қарастырылған. «Жобаның бірнеше міндеті бар. Біріншіден, жеткізілген пайдаланылған батареялық циклон секциясынан зертханалық үлгілер алып, бұзылу сипатына кешенді талдау жүргізу қажет. Екіншіден, Болат 3-пен адгезиялық үйлесімділігін ескере отырып, қолданылатын сымдардың құрамын негіздеу маңызды. Үшіншіден, қалыңдығы 150–300 микрометр болатын жұқа жабындарды алу үшін электрдоғалы бүркіу параметрлерін оңтайландыру көзделеді. Төртіншіден, алынған жабындардың микрокаттылығын, адгезиялық беріктігін және абразивтік төзімділігін зертханалық жағдайда сынақтан өткіземіз», - дейді Айым Бауыржанқызы.

Жас ғалымның айтуынша, зерттеудің түпкі мақсаты – жылу энергетикасы нысандарындағы жабдықтардың қызмет ету мерзімін ұзартып қана қоймай, өндірістік шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін технологиялық шешім ұсыну.

Бұл тұрғыдан алғанда, «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты – жас зерттеушінің жеке жетістігі ғана емес, ғылыми идеяның тәжірибеге жол ашуына берілген маңызды мүмкіндік. Әсіресе биыл байқау аясында «Ғылым» бағытының алғаш рет енгізілуі өңірдегі жас ғалымдардың ізденісіне жаңа серпін беріп отыр.

Шәкәрім университетінде білім алып, ғылыми зерттеу жүргізіп жүрген Айым Леонидованың жетістігі – университет жастарының ғылымға деген қызығушылығы артып келе жатқанының бір көрінісі. Бүгінде жас зерттеушілер үшін ғылыми ізденіс тек академиялық ортада қалмай, өңір экономикасы мен өндірісінің нақты мәселелерін шешуге бағытталуы маңызды.

Айымның жобасы да осы үрдістің бір мысалы. Ғылым мен өндірістің арасындағы байланысты нығайтып, жергілікті энергетика саласына қажетті технологиялық шешім ұсынуға бағытталған зерттеу жас ғалымның кәсіби ізденісін әлеуетін көрсетеді.

Шәкәрім университеті Айым Бауыржанқызын «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантының иегері атануымен құттықтайды! Жас зерттеушіге ғылыми ізденісінде табыс, тың жаңалықтар мен толағай жетістіктер тілейміз. Ғылым жолындағы әрбір жаңа қадам өңірдің дамуына, өндірістің жаңғыруына және елдің технологиялық әлеуетінің артуына қызмет етсін!

Күлия РАЙЫС, Семей

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

ШӘКІРТ ЖЕТІСТІГІ – ҰСТАЗ ЕҢБЕГІНІҢ ЖЕМІСІ

Білім беру – ел болашағын айқындайтын маңызды салалардың бірі. Ал сол болашақтың берік негізін қалайтын ұстаз еңбегі қашанда құрметке лайық. Өз ісіне адалдығы, кәсіби білімі мен үздіксіз ізденісі арқылы шәкірттерінің жетістігіне жол ашып жүрген сондай ұстаздардың бірі – Жаңасемей ауданындағы Біржан Исадилов атындағы жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып мұғалімі Гүлнұр Канжекеева.

Педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші Гүлнұр Сайланбекқызы білім саласында еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі маман. Ол өз білімін үнемі жетілдіріп, заманауи әдіс-тәсілдерді оқу үдерісіне енгізуге мән береді. Осы бағытта аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен форумдарға қатысып, жинақтаған тәжірибесін әріптестерімен бөлісіп келеді.

Ұстаздың кәсіби жетістіктері де еңбегінің нәтижесі екенін көрсетеді. Республикалық «Дарын» ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған оқу-әдістемелік семинарға қатысып, сертификат иеленді. Сонымен қатар семинар аясында өткен «Олимп шыңы» республикалық олимпиадасында жүлделі III орынға ие болды. Түрлі республикалық форумдар, облыстық вебинарлар мен ғылыми конференцияларға қатысып, кәсіби біліктілігін арттырған. Білім беру саласына қосқан еңбегі Абай облысы білім басқармасының Алғыс хатымен де атап өтілді.

Гүлнұр Сайланбекқызы тек өз сыныбындағы оқушылардың білім сапасына ғана емес, жалпы педагогтердің кәсіби дамуына да үлес қосып келеді. Жаңасемей ауданының бастауыш пәндер бірлестігінің жетекшісі әрі облыстық педагогикалық қауымдастықтың мүшесі ретінде әріптестерімен тәжірибе алмасып, жас мамандарға тәлімгерлік көрсетуде. Мектептің қоғамдық өміріне белсенді араласып, тәрбиелік және ұйымдастырушылық жұмыстарға да атсалысады.

Дегенмен ұстаз еңбегінің ең басты өлшемі – шәкіртінің жетістігі. Гүлнұр Сайланбекқызының жетекшілігімен білім алып жүрген оқушылар



аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі олимпиадаларда жүлделі орындардан көрініп жүр.

Атап айтқанда, Ералы Төлегенов «Алтын сақа», «Бастау», «Зерделі ұрпақ» олимпиадаларында бірнеше мәрте жүлдегер атанып, облыстық деңгейде Бас жүлдені жеңіп алды. Ал Айару Нұрахметова, Жігер Әділбек, Мединна Иманбаева және Алихан Ахметов пәндік олимпиадалар мен «Зерделі ұрпақ» білім бәйгелерінде жоғары нәтижелер көрсетіп, мектеп абыройын асқақтатты.

Бұл жетістіктердің артында баланың бойындағы қабілетті танып, оны дамытуға бағыт-бағдар беретін ұстаздың жүйелі еңбегі жатыр. Бастауыш сыныпта оқушының білімге деген алғашқы қызығушылығы қалыптасатынын ескерсек, осы кезеңдегі мұғалімнің ықпалы айрықша.

– Өр баланың бойында белгілі бір қабілет бар. Ұстаздың міндеті – сол қабілетті байқап, дұрыс бағыт беріп, баланың өзіне деген сенімін қалыптастыру. Шәкірттің жетістігі – мұғалім үшін ең үлкен марапат, – дейді Гүлнұр Сайланбекқызы.

Кейіпкеріміз үшін ұстаздық – тек сабақ берумен шектелетін мамандық емес, үлкен жауапкершілік пен үздіксіз ізденісті талап ететін мамандық. Сондықтан ол әр оқушының жеке қабілетіне көңіл бөліп, біліммен қатар жауапкершілікке, еңбекқорлыққа және ізденуге баулуды басты ұстанымдарының бірі санайды.

Білікті педагогтің еңбегі шәкірттерінің жетістігімен ғана емес, әріптестеріне берер тәжірибесімен де бағалы. Бүгінде ол жас мамандарға бағыт-бағдар беріп, педагогикалық ізденістерін қолдап келеді.

Канжекеева Гүлнұр Сайланбекқызының еңбек жолы – кәсіби ізденіс пен ұстаздық жауапкершіліктің, ал шәкірттерінің жетістігі – сол еңбектің нақты нәтижесінің көрінісі. Осындай ізденісті ұстаздар білімді, талапты әрі бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуге өз үлесін қоса береді.

Балжан АМАНЖОЛОВА, Біржан Исадилов атындағы жалпы білім беретін мектептің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК

АЛАЯҚҚА АЛДАНБАҢЫЗ!

Цифрлық заманда алаяқтардың құрығына түспеу үшін әрбір азаматтың сауаттылығы жоғары болуы тиіс. Осы мақсатта Бородулиха ауданының Бақы ауылдық округінде маңызды кездесу өтті.



Ағымдағы жылдың 17 тамызында Бақы ауылдық округі әкімінің аппаратында өзекті тақырыптардың бірі – интернет-алаықтықтың алдын алу және одан қорғану жолдарына арналған түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Жиынды уәкелсіз полиция инспекторы, полиция майоры Р.К. Омарғалиев өткізді. Шараға ауылдық округ әкімі аппаратының ұжымы мен «Коростелевское» ЖШС қызметкерлері қатысты.

Жиын барысында тәртіп сақшысы елімізде белең алған қылмыс схемаларына тоқталды. Бүгінде қаскөйлер

азаматтарды алдау үшін мынадай айла-шарғыларды жиі қолданады:

Жалған қоңыраулар: Өздерін банк немесе полиция қызметкері ретінде таныстырып, «атыңыздан несие рәсімделіп жатыр» деп қорқыту.

Фишингтік сілтемелер: Мессенджерлерде «ұтыс ойыны», «жәрдемақы» немесе «арзан тауар» туралы күмәнді сілтемелер таратып, жеке деректерді қолды қылу.

Жалған плаформалар: Белгілі мұнай немесе қаржы компанияларының атын жамылып, «аз уақытта үлкен табыс табуды» уәде ету.

Полиция майоры Р.К. Омарғалиев интернет-ресурстарды пайдалану кезіндегі басты қауіпсіздік шараларын егжей-тегжейлі түсіндіріп, қатысушыларға мынадай ережелерді қатаң сақтауды ескертті:

- Ешкімге SMS-кодтарды, құпия сөздерді және карта-ның артық жағындағы CVV-кодты айтпау;
 - Күмәнді сілтемелермен өтпеу және жеке мәліметтерді енгізбеу;
 - Бейтаныс адамдардың нұсқауымен телефонға ешқандай қосымша жүктемеу.
- Бұл профилактикалық шара тұрғындардың цифрлық сауаттылығын арттырып, ақпараттық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік берді.
- Кездесу соңында қатысушылар өздерін маза-лаған сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. Ұйымдастырушылар жұртшылықты әрдайым қырағы болуға шақырды.

Шайза АСАНҚЫЗЫ

BYD MEDICAL

ТАШКЕНТТЕГІ ЗАМАНАУИ
BYD MEDICAL
САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҒЫНА
ШАҒЫРАМЫЗ!

Біздің газет оқырмандарына арнайы –
10 АҚШ ДОЛЛАРЫ
көлемінде жеңілдік!

Демалысыңызды нағұналы өткізіңіз –
денсаулығыңызды нығайтып,
серектік пен қиу-қуат жинаңыз!

**ДЕНСАУЛЫҚТЫ
ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ОРТАЛЫҒЫ**

10 КҮНДІК САУЫҚТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Түру (жайлы бөлмелер)
3 мезгіл тамақтану (диеталық)
Дәрігер кеңесі және диагностика (УДЗ, ЭКГ, анализдер)
Дәрілік терапия, тамшылатқыштар
Физиотерапия (Дарсональ, Зунда, парафин)
Емдік массаж

Фитотерапия (шоппен емдеу)
Озонотерапия
Лазеротерапия
Емдік дене шынықтыру (йога)
Аромасуна, хиджама (қажетіне қарай)
Дәрігердің тәулік бойы бақылауы

2 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ 250 000т
3-4 ОРЫНДЫҚ БӨЛМЕ 235 000т
11 жасқа дейінгі балаларға 50% ЖЕҢІЛДІК 50%

10 КҮНДІК КУРС

КЕЛЕСІ АУРУЛАРДЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Бауыр және өт қалы аурулары
Асқазан-ішек жолдары
Бұйындар ауруы
Жүрек-қан тамыр жүйесі
Иммунитетті нығайту
Шаршу, стресс
Ағзаны жалпы қалпына келтіру

ФИЗИОТЕРАПИЯ
ЕМДІК МАССАЖ
ОЗОНОТЕРАПИЯ
ФИТОТЕРАПИЯ
ХИДЖАМА
ЛАЗЕРОТЕРАПИЯ
ТАМШЫЛАТҚЫШ

БАЙЛАНЫС ҮШІН:
8705 465 22 75
8 778 929 14 53

ТРАНСФЕР ТЕГІН!

Өзіңіздің денсаулығыңызға инвестиция жасаңыз!

RIZA BOL
ОРАМАЛДАРЫ

Абай жырлаған
тылсым түн –
RIZA BOL
ОРАМАЛДАРЫНДА

«Желсіз түнде жарық ай...»

Ұлы Абайдың мәңгілік жырлары арқау болған айлы түннің тылсым сұлулығы, туық көлдің тыныштығы мен табиғаттың әсемдігі жаңа топтамада көркем өрнекке айналды.

RIZA BOL – Абай әлемінен шабыт алған эксклюзивті орамалдар топтамасын ұсынады.

Ұлттық рух пен заманауи талаптың үйлесімі.

Әр орамал фирмалық сыйлық қорабы және сыйлық сөмкесімен бірге ұсынылады.

СЫЙЛЫҚ ҚОРАП ЖӘНЕ СЫЙЛЫҚ СӨМКЕСІ ТЕГІН!

СЫЛЫҚ ҚОРАП ЖӘНЕ СЫЙЛЫҚ СӨМКЕСІ

БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ:
8 777 276 90 74
8 778 929 14 53
8 705 465 22 75

RIZA BOL – Абай әлемінің әсемдігін жүрекке жақын орамаларға айналдырған ұлттық бренд.

Абайдың қанатты сөздері

Сен асыққан екен деп — Алла өмірін өзгертпес.

Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік.

Жақсылық – ұмыт, жаңылыс – кек.

Өзін тәрбиелей білмеген, өзге-ге өнеге көрсете алмайды.

Хақ сөзді бала айтса да тоқтамақ керек.

Жүректі қозғайтын – жастықтың оты.

Сынық қанат көбелек – ол да өмір іздемек.

Қайғы келсе қарсы тұр, құлай берме,
Қызық келсе қызықпа, оңаққа ерме.
Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде,
Сонан тапқан шын асыл, тастай керме.

Қайғысыздың бәрі асау.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казахстанская Рудная Компания» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар.
2. Әсер ету аумағы: ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Қосағаш а.о. (Қосағаш а.), Малкелді а.о. (Қорық (Алғабас) а.). Координаттары: т.1 - 48°14'56"С 77°46'31"В; т.2 - 48°14'20"С 77°46'28"С.
3. Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 30 қыркүйекте сағат 16.00-да Абай облысы, Аягөз ауданы, Малкелді ауылдық округі, Қорық ауылы (Алғабас) мекенжайы бойынша өтеді.
4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС, БСН 170440024341. Мекен-жайы: Астана қ., Есіл ауданы, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz.

- даны, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz.
5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п.66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, е-mail: uklab_ecolog@mail.ru.
 6. Әсерге экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен ОЖ жағдайы туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk> танысуға болады.
 7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС, БСН 170440024341. Мекен-жайы: Астана қ., Есіл ауданы, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz, «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п. 66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, е-mail: uklab_ecolog@mail.ru.
 8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық- uprpr.abay@akimatabai.gov.kz; пошта мекенжайы-ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 872235-44-32.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казахстанская Рудная Компания» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: «Абай облысындағы Сарыбұлақ кен орнында құрамында алтын бар кендерді ашық тәсілмен өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп.
2. Әсер ету аумағы: ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Қосағаш а.о. (Қосағаш а.), Малкелді а.о. (Қорық (Алғабас) а.). Координаттары: т.1 - 48°14'56"С 77°46'31"В; т.2 - 48°14'20"С 77°46'28"С.
3. Қоғамдық тыңдау 2026 жылғы 30 қыркүйекте сағат 14.30-да Абай облысы, Аягөз ауданы, Малкелді ауылдық округі, Қорық ауылы (Алғабас) мекенжайы бойынша өтеді.
4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС, БСН 170440024341. Мекен-жайы: Астана қ., Есіл ауданы, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казахстанская Рудная Компания» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: «Абай облысындағы Сарыбұлақ кен орнында құрамында алтын бар кендерді ашық тәсілмен өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына» ықтимал әсерлер туралы есеп.
2. Әсер ету аумағы: ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Қосағаш а.о. (Қосағаш а.), Малкелді а.о. (Қорық (Алғабас) а.). Координаттары: т.1 - 48°14'56"С 77°46'31"В; т.2 - 48°14'20"С 77°46'28"С.
3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 30 қыркүйекте сағат 09.30-да Абай облысы, Аягөз ауданы, Қосағаш а. о., Қосағаш а., т. Тілеуханов көшесі, 1А ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.
4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС, БСН 170440024341. Мекен-жайы: Астана қ., Есіл ауданы, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz.
5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п.66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, е-mail: uklab_ecolog@mail.ru.
6. Әсерге экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен ОЖ жағдайы туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk> танысуға болады.
7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС, БСН 170440024341. Мекен-жайы: Астана қ., Есіл ауданы, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz, «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п. 66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, е-mail: uklab_ecolog@mail.ru.
8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық- uprpr.abay@akimatabai.gov.kz; пошта мекенжайы-ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 872235-44-32.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Казахстанская Рудная Компания» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

1. Жобалық құжаттаманың атауы: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС үшін әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар.
2. Әсер ету аумағы: ҚР, Абай облысы, Аягөз ауданы, Қосағаш а.о. (Қосағаш а.), Малкелді а.о. (Қорық (Алғабас) а.). Координаттары: т.1 - 48°14'56"С 77°46'31"В; т.2 - 48°14'20"С 77°46'28"С.
3. Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 30 қыркүйекте сағат 11.00-да Абай облысы, Аягөз ауданы, Қосағаш а. о., Қосағаш а., т. Тілеуханов көшесі, 1А ғимарат мекенжайы бойынша өтеді.
4. Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС, БСН 170440024341. Мекен-жайы: Астана қ., Есіл ауданы, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz.
5. Әзірлеуші: «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п.66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, е-mail: uklab_ecolog@mail.ru.
6. Әсерге экологиялық рұқсат алу үшін материалдармен ОЖ жағдайы туралы Ұлттық деректер банкінің сайтында танысуға болады: <https://ndbecology.gov.kz/>, сондай-ақ Абай облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының сайтында: <https://www.gov.kz/memleket/entities/abay-tabigat?lang=kk> танысуға болады.
7. Жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдау өткізу туралы қосымша ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысы бар құжаттардың көшірмелерін мына мекенжайлар бойынша алуға болады: «Казахстанская Рудная Компания» ЖШС, БСН 170440024341. Мекен-жайы: Астана қ., Есіл ауданы, Тельман тұрғын алабы, Ақкемер көшесі, №12/3 үй, е-mail: info@qrq.kz, «Лаборатория-Атмосфера» ЖШС, 070003, ҚР, ШҚО, Өскемен қ., Потанин к-сі, 35, н.п. 66, тел. 8(7232)61-05-32, 76-60-62, е-mail: uklab_ecolog@mail.ru.
8. Ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмей мына мекенжайлар бойынша қабылданады: электрондық- uprpr.abay@akimatabai.gov.kz; пошта мекенжайы-ҚР, Абай облысы, Семей қаласы, Тұрлыханов көшесі, 30. Телефон 872235-44-32.

РОБОТТЕХНИКА

Семейлік оқушылар халықаралық аренада тағы бір биікті бағындырды. Қытайдың Бейжін қаласында өткен «2026 FIRST® LEGO® League Asia Open Championship» халықаралық чемпионатында Семей қаласындағы «Білім-Инновация» лицейінің «SBIL-LION-AIRES» командасы жүлделі II орынға ие болып, күміс жүлдені қанжығасына байлады.

СЕМЕЙЛІК ӨРЕНДЕР ЖҮЛДЕМЕН ОРАЛДЫ



Биылғы ауқымды додаға әлемнің 25 елінен 375 команда қатысып, 3500-ге жуық оқушы бақ сынады. Қазақстан намысын Астана, Алматы қалаларынан, сондай-ақ Ақмола, Қарағанды, Қызылорда және Абай облыстарынан келген 20-ға жуық команда қорғады. «SBIL-LION-AIRES» командасы 2024 жылы Сара Semei Alumni түлектер қауымдастығының қолдауымен құрылған. Команда Сингапурда өткен сайыста II орын иеленген болатын. Бейжіндегі чемпионаттағы күміс жүлде – олардың жүйелі дайындығы мен жинаған тәжірибесінің нәтижесі. Команда мүшесі Нұрсұлтан Оразалиннің айтуынша, халықаралық жарыстарға қатысу оқушылардың техникалық білімін жетілдіріп қана қоймай, өзара ынтымақтастық пен командалық жұмыстың маңызын түсінуге мүмкіндік береді. «Биылғы чемпионатта өте сәтті өнер көрсеттік. Бұған дейінгі жарыстарда жинаған тәжірибеміз командалық жұмысымызды жетілдіріп, өзара түсіністігімізді нығайтуға көмектесті. Бейжіндегі сайыста бірлескен жұмыстың арқасында жүлделі екінші орынға қол жеткіздік, – деді Нұрсұлтан Оразалин. Семейлік оқушылардың бұл жетістігі – жас ұрпақтың робототехникаға, инженерияға және заманауи технологияларға қызығушылығы артып келе жатқанын көрсетеді.

Өз тілшіміз

«Семей таңы» газеті 1969 жылы «Құрмет белгісі» орденімен, 2009 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантымен марапатталған.

Директор –
Риза АСАНҚЫЗЫ
МОЛДАШЕВА

Бас редактордың
орынбасары –
Роза ПУШПАКОВА

www.semeytanu.kz

www.semeytanu.kz Email: info@semeytanu.kz

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитеті берген қайта тіркеу куәлігі № KZ49VPY00121173, 05.06.2025 ж.

Газет «ABAI AIMAQ MEDIA» ЖШС компьютерлік орталығында теріліп және беттеліп, «Басып шығару баспасы» «Рекламның дайыдағы агенттігі» ЖШС (Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20) баспа орталығында офсеттік әдіспен басылғып шығады.

Индекс 06061. Рет - сейсенбі, Бағасы көпесінді.

Аптасына екі тапсырма беріледі, жұма күндері шығады.

Жарияланған мақаладағы авторлардың пікірлері редакция қазқарасын білдірмейді. Жарнама үшін жауапкершілік жарнама берушілердің құзырында.

Мемшікті тілшілеріміз: Бородулихада - 8 776 740 87 21, Бесқарағайда - 8 775 433 44 08.

Редакцияның мекенжайы: ҚІБАНШЫ, Семей қаласы, Қайым Мұхамедханов көшесі, 12. Тел.: Директордың тілшілеріміз - 52-36-57; бас редактор - 52-04-75; редактордың орынбасары - 52-09-84; жарнама және баспасөзге жазылу бөлімі - 56-08-03; факс - 52-04-75; бухгалтерия - 52-38-32

Тираж 30 155

Кезекші редактор Ай-Керім СӨРСЕНҚАЛИҚЫЗЫ